




9 дәріс тақырыбы: Негізгі құралдар есебі

Бухгалтерлік есептілікте негізгі құралдар туралы ашылуға тиіс ақпарат



- **Негізгі құралдар-** материалдық активтер олар:
 - 1) компания немесе қорларды жабдықтау және қызмет атқару үшін, басқа компанияларға жалға беру үшін немесе әкімшілік мақсаттар үшін қолданылатын;
 - 2) әрбір кезеңнен астам уақыт ішінде қолданылуды болжайды.
- **Негізгі құралдардың есебінде 4 ең маңызды әрекеттері бар:**
 - негізгі құралдардың алынған мерзімдегі тіркелген сомасы;
 - негізгі құралдардың пайдалану мерзімінде есептейтін тозу ставкасы;
 - қабылданап алынғаннан кейін негізгі құралдардың өзгеріп отырған құндары шоттарда қалай көрсетілетінділігі;
 - негізгі құралдардың шығарылынындағы тіркелуі.
- **Негізгі құралдар дегеніміз** - ұзак уақыт бойы (бір жылдан астам) материалды өндіріс саласында да, өндірістік емес салада да еңбек құралы ретінде іс-әрекет ететін материалдық активтер.

- Негізгі құралдар ХКЕС №16 «Жылжымайтын мүлік, ғимараттар және жабдықтар» сәйкес жіктеледі:
- ***салалар бойынша:***
 - 1) өндірістік – бұл өндірістік процеске тікелей қатысатын немесе өндірістің негізін құрайтын негізгі құралдар.
 - 2) өндірістік емес – бұл тұтыну мақсатындағы негізгі құралдар.
- ***пайдалану бағыты бойынша түрлер мен тур топтарына:***
 - 1) Жер- субъектінің меншік құқығымен алынған жерінің саны мен бағасы.
 - 2) Үйлер- еңбек етуге, тұруға, халыққа әлеуметтік-мәдени қызмет көрсету және қорларды сақтауға жағдай жасау үшін белгіленген архитектуралық-құрылымыс объектілері. Әрбір жеке тұрған үй түгендеу объектісі болып саналады.
 - 3) Ғимараттар- іс-қызмет аясын атқару жолымен өндіріс процесін жүзеге асыруға арналған инженерлік-құрылымстық объектілер.
 - 4) Машиналар мен жабдықтар- әрбір машина егер ол басқа мүліктік объектінің бөлігі болмаса, құрамындағы тетік, құрал-аспаптармен, қоршаулармен, тірек-тұғырымен мүліктік объект болып табылады.

- 5) Табыстау қондырғылары- электр, механикалық және жылу энергиясы (электр беру желісі, тұрба құбыры) қондырғылары.
 - 6) Көлік құралдары- адамдарды, жүктерді тасуға арналған (теміржол, су, әуе автомобиль көлігі, арба көлігі) тасымал құралдары.
 - 7) Басқа да негізгі құралдар: аспап, өндіріс мүлік пен олардың керек-жарақтары, шаруашылық мүлкі, жұмыс малы және өсімтал мал, көпжылдық көшет егістері, жерді жақсарту жөніндегі күрделі шығындар.
 - 8) Бітпеген құрылыш.
-
- ***иелігі бойынша***: меншікті, жалға алынған, уақытша пайдалануда.
 - ***пайдалану мерзімі бойынша***: әрекетті, әрекетсіз, қордағы.
 - ***мұліктік құрамы бойынша***: инвентарлық, инвентарсыз.
 - ***салықтық нысандар бойынша***: топталған, әр топқа өзі шектелген норма белгіленеді.

- **Халықаралық бухгалтерлік есеп стандартына сәйкес негізгі құралдарды бағалаудың түрлері**

Бастапқы (тарихи) құн — негізгі құралдарды сатып алуға, салуға және жасап шығаруға кеткен нақты шығындардан және сатып алу барысында төленген салық сомаларынан, сондай-ақ пайдалануға беру, тағы сол сияқты кез келген негізгі құралдарды жұмыс істеу жағдайына жеткізуге қатысты шығындардан тұрады.

Ағымды құн - бұл негізгі құралдардың белгілі бір мерзімдегі нарықтық бағасы бойынша бағаланған құны.

Баланслық құн - бұл бухгалтерлік есепте және қаржылық есеп-беруде көрсетілетін жинақталған тозу сомасын алып тастағандагы негізгі құралдардың бастапқы немесе ағымды құны.

Сатылу (енгізілу) құны - бір-бірін жақсы біletін, мәмілеге келүге дайын тәуелсіз жақтардың (тараптардың) негізгі құралдарды өзара айырбастаудына мүмкіндік беретін өткізу (сату) құны болып табылады.

Жойылу құны - тиімді қызмет ету мерзімі біткен негізгі құралдарды жою кезінде пайда болатын қосалқы бөлшектердің, металл сынықтарының болжамды құны.

Тозу құны - негізгі құралдардың бастапқы және жойылу құндарының арасындағы айырмашылығы, былайша айтқанда, негізгі құралдардың амортизациялық жолмен есептеліп, өндіріске немесе айналымға жатқызылған шығындары.

Негізгі құралдардың қалдық құны - бұл өндірілген әнімге, орындалған жұмысқа және көрсетілген қызметке әлі аударылмаған құн. Қалдық құнды анықтау үшін бастапқы құннан негізгі құралдар объектісінің қолданыста болу уақыты ұлғайған сайын мөлшері өсе түсетін есептелген тозу құнын алып тастайды.

Негізгі құралдардың қозғалысының есебі

Негізгі құралдардың түсүі



Негізгі құралдардың есептен шығуы



- **Халықаралық бухгалтерлік есеп стандартына сәйкес негізгі құралдардың тозу есебі**

Негізгі құралдар ұзақ уақыттық кезеңде ішінде шаруашылық қызмет процесінде бола отырып, бірте-бірте тозады.

Тозу- бұл физикалық және моральдық мінездемелерінен айырылу.

Физикалық тозу – негізгі құралдарды пайдалану және сыртқы факторлардың әсер ету нәтижесі болып саналады.

Моральдық тозу соның нәтижесінде активтер ғылым мен техниканың қазіргі даму талаптарына сәйкес келмеу нәтижесіндегі процесті білдіреді.

Амортизация – бұл қызмет мерзімі ішінде активтің амортизацияланатын құнын жүйелі бөлу түрінде тозудың құнмен көрсетілуі, басқалай айтсақ, есептелген амортизация сомасы белгілі бір кезең ішінде пайдаланған немесе тұтынған негізгі құралдардың құнын көрсетеді.

- **Амортизацияланатын құн** пайдалы қызмет мерзімі аяқталғаннан кейін сыныққа, қалдықтарға айналатын қосалқы бөлшектердің болжанатын құны ретінде негізгі құралдардың түсінде анықталатын бастапқы құн мен жою құны арасындағы айырманы білдіреді.

Амортизациялық жарналар (аударымдар) әрбір есепті кезең үшін өнімдердің тауарлардың, жұмыстар мен қызметтердің элементі және шығысы ретінде танылады. Амортизациялық аударымдар амортизация нормалары бойынша жасалынады.

Амортизация нормасы- бұл амортизациялық аударымдардың жылдық сомасының негізгі құралдардың жылдық орташа құнына қатынасы.

- **Амортизацияның әдістері**

Амортизация кәсіпорында ай басында бар негізгі құралдарға есептеледі. Кіріске алынған негізгі құралдар келесі айдың бірінен басталып есептеледі, ал шығысқа шығарылған негізгі құралдар келесі айдан бастап есептеуі тоқтатылады.

Ол бухгалтерлік есеп шоттарының жұмыс жоспарында 2420 «Негізгі құралдардың құнсыздануы мен амортизациясы» шотында жүргізіледі.

- **№ 16 ХҚЕС талаптарына сәйкес амортизацияның 3 әдісі бар:**

- құнды біркелкі есептеп шығару әдісі;
- өндірістік әдіс;
- кемімелі-қалдық әдісі.

Құнды біркелкі есептеп шығару әдісі

- Бұл әдіс барысында амортизацияланатын объект құны өндіріс ұсталуында немесе олардың қызметінің мерзімінде назар аударуында жойылады. Жинақталған тозу біркелкі көбейеді және негізгі құралдардың балансының құны біркелкі азаяды.
- **Мысалы.** Объектті қызмет көрсету мерзімі 5 жыл. Бастапқы құны 160000 теңге, ликвидті құны 10000 теңге, амортизацияның жылдық нормасы 20 %.
- Амортазация сомасы= (Бастапқы құн- Жойылу құн) *N %
 - 100 %
 - Айлық норма = $20 \% / 12 \text{ ай} = 1,667 \%.$
 - Ай сайынғы амортизация сомасы $1,667 \% * (160000 - 10000) / 100\% = 2500.$

Амортизацияны орындалған жұмыстың көлеміне пропорционал түрде есептеу әдісі (өндірістік тәсіл)

- Бұл әдісте негізгі құралдардың тозуы қызмет көрсетуінің нәтижесінде пайда болады. Бұл әдіс арқылы амортизацияланған есептік объектті қолдану периодында анықталады, яғни амортизация сомасы және өндірістік қуаттың арасында тікелей тәуелділік бар. Амортизацияны анықтау үшін уақыт мерзімі әсер етпейді. Өндірістік қуат өнімнің шығу бірлігімен, қызмет көрсету сағатымен, қолдану бірлігімен және т.б сипатталады. Тозу сомасы келесідей формула (1) бойынша анықталады:

$$\text{Тозу сомасы} = \frac{БК - ЖК}{ЖЖК}$$

мұнда, БК - бастапқы құн;
ЖК – жойылу құн;
ЖЖК - жоспарланған жұмыс көлемі.

Мысалы. Техникалық паспортқа сәйкес көшірме қондырғысы 700000 көшірме жасау керек және 14000 сағат жұмыс істеуі керек. Бастапқы құны 17000т, ликвидті құны 1300. Есептік жыл ішінде 10000 көшірме көшірілген, жұмыс уақыты 8100 сағат. Амортизациялық есептеуі анықтау үшін қажет.

Тозу сомасы = $(17000-1300) / 700000 = 15700 / 700000 = 0,022$ теңге.

Тозу сомасы = $(17000-1300) / 14000 = 1,12$ теңге.

Амортизация сомасы 1 жылда = $0,022 * 10000 = 2420$ теңге.

Амортизация сомасы 2 жылда = $1,12 * 8100 = 2128$ теңге.

Кемімелі қалдық әдісі

- Бұл әдісте амортизацияның екі еселенген нормасын біркелкі әдісте қалдық құнына қолданылады.
- **Мысалы.** Қалдықты азайту әдісінде амортизация нормасы 40 % тең (20 %). Бұл 40 % әр жылдың соңындағы қалдық құнына жатады. Болжалды ликвидті құн ақырғы жылдан басқа жыл бойғы тозуды есептеу назарға алынбайды. Ақырғы жылды амортизация сомасы ақырғы жылдың басына қалдық құннан ликвидті құнды азайтумен есептеледі.

Кезең	Тозудың жылдық сомасы, теңге	Жинақталған тозу, теңге	Қалдық құны
1 жылдың соңы	64000	64000	96000
2 жылдың соңы	38400	102400	57600
3 жылдың соңы	23040	125400	34560
4 жылдың соңы	13824	139264	20736
5 жылдың соңы	10736	150000	10000

Негізгі құралдардың тозу мен амортизация есебі

Негізгі құралдардың тозуы 2420 «Негізгі құралдардың амортизациясы» шотында жүргізіледі

№	Операциялар мазмұны	Дебет	Кредит
1	Ұйымға келіп түскен, кіріске алынған негізгі құралдарының тозу сомасына	2410	2420
2	Ұйымның басқа заңды және жеке тұлғаларға сатқан немесе басқадай жолмен есептен шығарған негізгі құралдарына бұрын есептелген тозу сомасының есептен шығарылуына	2420	2410
3	Негізі құралдарға есептелген тозу сомасына: - негізгі өндірісте; - қосалқы өндірісте; - жалпы шаруашылыққа арналған; - сатуға қызмет көрсететін салада; - күрделі құрылышқа пайдалануда; - алдағы есепті кезеңге жатқызылғандары: - қысқа мерзімге жалға берілгендеріне.	8110 8310 7210 7110 2930 1620, 2910 7420	2420 2420 2420 2420 2420 2420 2420 2420

Бақылау сұрақтары

- 1) Негізгі құралдарды жіктеу және бағалау.
- 2) Негізгі құралдардың шығыс етілуі.
- 3) Негізгі құралдарды түгендеу.
- 4) Негізгі құралдардың амортизациясы және есептеу әдістері.

НАЗАРЛАРЫНЫЗҒА РАХМЕТ!